

**Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ
Әлеуметтік педагогтің 2023-2024 оқу жылында
атқарылған жұмыстарының жылдық есебі.**



Әлеуметтік педагог Серікқызы Бұлбұлханым

**Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс
төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:**

**Сыныптар
ға, мектепке
әлеуметтік
паспорттау
ды жүргізу**

**Балалық
шақтың
құқығын
қорғау
жұмысы**

**Әртүрлі
есепте
тұрған
оқушылар
мен жеке-
профилак
тикалық
жұмыс**

**Педагогикалық
ұжыммен және
сыртқы
ұйымдармен
(кәмелетке
толмағандардың ісі
жөніндегі бөлім,
кәмелетке
толмағандардың ісі
жөніндегі комиссия,
камқоршылық және
қорғаншылық және
т.б.) өзара іс-қимыл
жүргізу жұмысы**

**Білім
алушылард
ың ата-
аналарымен
(отбасылар
ымен)
әлеуметтік
профилакти
калық
жұмыс**

**Диагности
калақ -
талдау
қызметі**

Қыркүйек айынан бастап әр сыныптың сынып тізімі жинақталып, мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

Мектебіміздің әлеуметтік топтағы білім алушыларды анықтаған соң, бірінші кезекте ыстық тамаққа тартылды.

1-4 сыныптар бойынша жаппай тегін ыстық тамақпен 122 оқушы, 5-11 сынып бойынша 78 оқушы қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін екі ауысым бойынша уақыты белгіленіп, арнайы сынып жетекшілерден кезекшілік кестесі құрылды.

Өзім әлеуметтік педагог ретінде үнемі асханаға барып оқушылардың тамаққа түсуін, тамақтың ішілуін, сапасын, менюға сай екенін бақылап отырамын.

Мектептің әлеуметтік паспорты

№	Әлеуметтік санаттар	Отбасы саны	Бала саны
	Оқушылар саны		335
	Отбасы түрі бойынша :		
1	<i>Толық отбасылар</i>	67	286
2	<i>Толық емес отбасылар</i>	26	46
3	<i>Анасы жоқ отбасы/ балалар</i>	2	4
4	<i>Әкесі жоқ отбасы / балалар</i>	24	43
5	<i>Көп балалы отбасылар</i>	63	143
6	<i>Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы</i>	16	36
7	<i>Жетім, ата-анасының қмқорлығынсыз қалған балалар</i>	0	0
8	<i>Мүмкіндігі шектеулі балалар</i>		11
9	<i>Азаматтылығы жоқ оқушылар</i>		0
10	<i>Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар</i>		0
11	<i>Кәмелетке толмағандар ісі жөнінде есепте тұрған оқушы</i>		1
12	<i>Мектепшілік есепте тұрған оқушы</i>		1
	<i>Ата- аналарының білімі:</i>		
1	<i>Жоғары, жоғары білімнен кейінгі</i>	191	
2	<i>Техникалық және кәсіптік</i>	87	

2023-2024 оқу жылы басталмас бұрын тамыз айында бір реттік қаржылай көмек 40567 теңге әлеуметтік осал топ отбасыларына жататын 1-11 сынып оқушыларына арнайы 5 санат бойынша берілді. Жұмыс барысында Атаулы әлеуметтік көмек алатын 19 отбасының 38 балаларына, мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы 40567 теңге деңгейінің шамасынан төменгі 32 отбасының 60 баласына, 3-4 санат бойынша біздің мектепте білім алушы жоқ, 5-ші санат бойынша білім беру ұйымдарының алқалы басқару органы (қамқоршылық кеңес) айқындайтын өзге санаттағы 18 отбасының 48 балаларына берілді. Ол қаражатқа ата аналары мектеп формалары, сабаққа қажетті спорттық киімдерін және оқу құралдарын алып берді және сәйкесінші фото мен түбіртектерін уақытылы тапсырды.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары	Атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы 40567 теңге деңгейінің шамасынан төменгі отбасы балалары	Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы балалары	Төтенше жағдай салдарынан жапа шеккен отбасы балалары	Өзге санаттағы (көп балалы, толық емес) отбасы балалары
19 отбасы	32 отбасы	0	0	18 отбасы
38 бала	60 бала	0	0	48 бала

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы 2023 жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйегіне дейін өткізілетін туралы мектептің әлеуметтік желісіне жарияланып, арнайы кәсіпкерлерге, мекеме басшыларына қайырымдылық акциясына ат салысуға шақырып хат жолданды. «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық қайырымдылық акциясы аясында аз қамтылған, көп балалы отбасыларының 8 білім алушыларына Алтын дала, Аман су мекемесі, «Сатыбалды ишан» мешіті жамағаты, Салық басқармасы мекемесі барлық сумма 165 000 (жүз алпыс бес мың теңге) көмек көрсетілді.



Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылар тізім жасалынып, 01.09.2023 жыл № 65 бұйрығы шығарылды, аз қамтылған, АӘК алушы, көп балалы, толық емес отбасы балалары тегіс қамтылды. Тегін ыстық тамақ құны 580 теңге. Арнайы сынып жетекшілерден кезекшілік кестесі құрылды. Оның сыртында оқушылардың күнделікті тамақ ішуін әлеуметтік педагог, тамақтың менюге сәйкестігін, мөлшерін мектеп медбикесі қадағалап отырады. Жалпы тегін ыстық тамақ ішетін 1-4 сыныптар бойынша жаппай барлық оқушы, 5-11 сыныптардан әлеуметтік жағдайларына қарай 78 білім алушы қамтылды. Барлығы оқу жылының басында 200 оқушы, жыл аяғында 203 оқушыны құрады.

Мектебімізде кісі үйінде жатып оқитын оқушылар саны – 7, әр оқушының сенім хаттары бар, жыл басынан бері жататын туысқан үйлерінің тұрмыс жағдайын тексеру барысында үйлері араланды, баланың сабақ оқуға жағдай жасалғаны назарға алынды, тоқсан сайын үйлері араланып, арнайы АКТ толтырылды.

2023-2024 оқу жылынан бастап өгей әкемен тұратын 1 оқушы есепте бар, 4 сынып оқушысы Қосылбай Асылым Русланқызы. Тоқсанына бір рет тұрмыс жағдайын тексеру барысында әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшісі бірлесе үйіне барып АКТ жасап тұрамыз.

Қолайсыз отбасы саны 2 болатын, наурыз айында екі отбасы жақсы жақтарынан көзге түсіп, есептен шығарылды.



Аудандық Прокуратураның сұранысы бойынша 9 адамнан құралған арнайы мобильді топ құрылып, мектебіміздегі аз қамтылған, өгей әкемен тұратын және толық емес отбасыларының тұрмыс жағдайын тексеру, және мұқтаждықтарын анықтау мақсатында үй араланып жұмыс жасалды.


Әлеуметтік топтағы отбасы балаларының сабақ үлгерімі, сабаққа қатысуын бақылау мақсатында сабақтарына үнемі қатысып отырамын.



«Кәмелетке толмағандар арасында азаматтық құқықтық сана мен құқықбұзушылықтың алдын алу» облыстық айлығының жоспары аясында 8 қараша – 8 желтоқсан аралығында айлық жоспары құрылып, тиісті мамандармен бірлесе жұмыстар атқарылды

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру, заңды мінез-құлыққа жеке - саналы ұмтылысты ояту, оқу-тәрбие процесі кезінде жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру.

8 қараша 2023 жылы мектебімізде құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 8 сынып оқушыларымен педагог психолог И.Б.Молдашева мен әлеуметтік педагог Б.Серікқызының ұйымдастырумен «Кипербуллинг және буллинг» тақырыбында профилактикалық әңгім жүргізіліп, оқушыларға бейнебаян көрсетілді. Іс-шара барысында ситуациялық сұрақтар қойылып, оқушылар көкейіндегі сұрақтарына жауаптарын алды.




9 қараша 2023 жылы құқықтық тақырып бойынша «Менің құқықтарым әлемі» тақырыбында «Парасат» дебат клубы жетекшісінің, ұйымдастыруымен пікірталас өтілді. Пікірталасқа мектеп басшысы м.у.а, тәрбие ісінің меңгерушісі Б.А.Ақжанов, әлеуметтік педгог Б.Серікқызы, педагог психолог И.Б.Молдашева қатысып өз пікірлерімен бөлісті. «Парасат» дебат клубының мүшелері өздерінің құнды пікірлерін ортаға салды.



10 қараша күні психологиялық –педагогикалық қолдауды қажет ететін отбасыларға оқушылармен және ата- аналарымен жеке консультациялар және әңгіме жүргізу, үйін аралау барысында құқық қорғау органында, мектепшілік есепте тұрған 10 сынып оқушысы Нұрбаева Нәзира Әділқызының үйіне барып, тұрмыстық акт жасалып, анасымен пікірлестік.



14 қараша күні мектебімізде айлық аясында Амангелді аудандық Полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі УИП аға майоры С.С.Нуркановтың қатысуымен 5-11 сыныптарда құқықтық сауаттылықтарын арттыру мақсатында, оқушылардың кешкі мезгілде көшеде ата анасының қарауынсыз шығуларына болмайтындығы, оның артындағы әкімшілік, құқықтық жауапкершіліктері жөнінде ескертілген лездеме түрінде жиын өтілді.



15 қараша күні «Менің құқықтарым әлемі», «Мен және Қазақстан Конституциясы», «Менің құқығым бар» тақырыбында 5-6 сыныптар арасында сурет байқауы ұйымдастырылса, 7-8 сынып оқушылары плакаттар ілді.

16 қараша күні жоспар аясында «Ата – ананың отбасындағы бала тәрбиесі жауапкершілігі» тақырыбында құқық қорғау органдарынан Амангелді аудандық Полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі УИП аға майоры С.С.Нуркановтың қатысуымен 10 сынып оқушылары және ата – аналары арасында ҚР заңнамасын, кәмелетке толмағандардың негізгі құқықтары мен міндеттерін түсіндіру мақсатында құқықтық сағат өтілді. Құқықтық сағатты тәрбие ісі меңгерушісі, құқық пәні мұғалімі Б.А.Ақжанов кіріспе сөзімен, оқушы міндеттерімен, ата ана жауапкершілігін алға тартып бастап берді. Амангелді аудандық Полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі УИП аға майоры С.С.Нурканов тарапынан оқушыларға құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары жүргізілді, құқықбұзушылық орын алған жағдайда тартылатын әкімшілік, құқықтық жауапкершіліктермен таныстырды.



8-20 қараша 2023 жылы «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны аясында арнайы жоспар құрылып, онкүндік жүргізілді. 13 қараша күні мектебімізде балалардың құқықтарын қорғау, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді.



Амангелді аудандық аурухана психологі Қанафина Жібек Қайсарқызының қатысуымен алкогольдік энергетикалық сусындарды, вейп, электронды темекі тұтынудың алдын алу жұмыстары түсіндірілді.



«Дүниежүзілік балалар күні: балаларға арналған өмір» 15-25 қараша 2023 жылы республикалық онкүндік аясында «Балалық шақты бірге қорғайық» атты іс шараға Аудандық ІІБ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аға учаскелік инспекторы, полиция майоры С.С.Нурканов келіп оқушылармен нақты ақпараттармен бөлісті. Беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, оқушылар арасындағы кибербуллинг және балалардың құқықтары тақырыптарын қамтыды. «Балалар игілігі үшін» әлеуметтік осал топ отбасы балаларына қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі, қайырымдылық акциясы өткізілді. 3- сынып оқушылармен «Тегін білген елдің ұрпағымыз!» этноұлттық сайыс өтілді. «Мен және менің құқығым» тақырыбында «Парасат» дебат клубы жетекшісінің ұйымдастыруымен дебат сайысы өтілді.

- «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбына барлық сыныптарда сынып сағаттары өтілді, Зорлық-зомбылықтың түрлері, тиетін зардаптары талқыланды, оқушылар тарапынан постер қорғалды.

- «Ата-ананың отбасындағы бала тәрбиесі жауапкершілігі» тақырыбында құқық қорғау органдарының қатысуымен 10 сынып оқушылар және ата-аналары арасында ҚР заңнамасын, кәмелетке толмағандардың негізгі құқықтары мен міндеттерін түсіндіру мақсатында дөңгелек үстел өтілді.

Әр тоқсан сайын мектебімізде 5-11 сыныптарынан кәмелетке толмағандарға тұрмыстық / физикалық зорлық - зомбылықтың алдын алу мақсатында анонимді сауалнама жүргізіледі. Сауалнама қорытындысы бойынша зорлық зомбылық орын алу бойынша анықталған білім алушылар болмады, яғни буллингке ұшыраған оқушы анықталған жоқ.

Жаңа 2023 жылдың аудан деңгейінде ұйымдастырылған Президент шыршасына мектебімізден әлеуметтік мәртебелеріне сай 6 оқушы қатысты. 1 оқушы Біләл Кәусар мектебіміздің атынан облыстық Президент шыршасына қатысып өз сыйлығын алды.





10 мамыр күні Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы шеңберінде Аналар күніне орай әлеуметтік педагог Серікқызы Бұлбұлханымның ұйымдастыруымен "Мен сені жақсы көремін" тақырыбындағы Аналарға арналған дөңгелек үстел өтілді. Іс-шара барысында Ана мен бала қарым-қатынасы ортаға салынып, Аналар өз ойларымен бөлісті. Бала тәрбиесі, ата-ананың тарапынан баланы қолдау, түсіну, сенім білдіру, мақтап оның пікірімен санасу сияқты факторлары жіті талқыланды. Өмірлерінің жалғасы, үміт артар болашақтарына өзек жарды тілектерін арнап, жүрекшеге жазды.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде отбасылары төтенше жағдай салдарынан көмекке мұқтаж отбасы, оқушылар тізімі анықталып, үш оқушы Мырзабеков Жанарыс, Сақтағанова Айжан, Арайлым Павлодар қаласындағы «Жас дәурен» облыстық оқыту - сауықтыру лагеріне барып демалып келді. Төтенше жағдай салдарынан жапа шеккен 3 отбасының мектеп жасындағы 7 баласына гуманитарлық көмек есебінен киімдер, тұрмыстық заттар, оқу құралдары берілді.

2023-2024 оқу жылына текті «Қазақстан халқына» КҚ «QH» жаздық жолдама қайырымдылық жобасы аясында 5-8 сыныптың үздік оқушылар және аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі марапат иегерлері арасынан «Болашақ» қала сыртындағы демалыс лагеріне 10 оқушыға жолдама берілді, сынып жетекшілердің ұсынысы бойынша 8 оқушы қамтылды.

Қала сыртындағы «Құрылысшылар» лагеріне демалған оқушылар 2022-2023 оқу жылында 11 оқушы, олар: әлеуметтік осал топ: яғни көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балалары.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында 14 оқушы барады деп жоспарлануда.

Оқу жылдары	Саны
2021-2022	8
2022-2023	11
2023-2024	14